



# Сыр бойы

№34 (20910) 6 наурыз, бейсенбі 2025 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

/// ПРЕЗИДЕНТ

## ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІН ҚАБЫЛДАДЫ

Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Шығыс Қазақстан облысының әкімі Нұрымбет Сақтағановты қабылдады.

Президентке өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы және бұған дейін берілген тапсырмаларының орындалу барысы баяндалды. Облыс әкімі өткен жылдың қорытындысы бойынша негізгі салаларға тартылған инвестиция мен өндіріс көлемінің өскенін атап өтті. Жалпы көлемі 400 мың шаршы метрден астам тұрғын үй пайдалануға беріліп, 46 жаңа өндіріс орны іске қосылған.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа шағын және орта бизнесті қолдау шаралары, инфрақұрылымды жаңғырту, жаңа әлеуметтік нысандар салу жайында ақпарат берілді. Нұрымбет Сақтағановтың айтуынша, туризм, цифрландыру салаларын, көлік-логистика секторы мен агроөнеркәсіп кешенін дамытуға



баса назар аударылады. тауды жаңғырту» ұлттық жобасы медициналық мекемеге күрделі «Ауылдық денсаулық сақ- аясында 18 нысан салынып, 6 жөндеу жүргізілді. «Жайлы мектеп»

2-бет

/// ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

## ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСІМ: ӘРБІР ІСКЕ ҰҚЫПТЫЛЫҚ ҚАЖЕТ

ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен экономиканың нақты секторын қаржыландыру және Үкімет қаулыларының жобалары талқыланған Үкімет отырысы өтті. Оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев селекторлық режим арқылы қатысты.

Үкімет отырысынан кейін аймақ басшысы өткізген мәжілісте күн тәртібіндегі және басқа да маңызды мәселелерге орай жауапты сала басшыларына тапсырма берілді.

– Биыл ел экономикасының 107 пайыздық өсімін қамтамасыз ету міндеті қойылды. Өңірлер межесін Ұлттық экономика министрлігі әзірлеуде. Біз қаржыландыру көздерін тиімді ұйымдастырып, экономикалық өсімге қол жеткізуіміз қажет.

Бүгінде мемлекет бизнесті қолдап, ынталандыруда. Өткен жылы кәсіпкерлікті қаржылай қолдауға барлық көзден 78 млрд 651млн теңге бағытталды. Мемлекет басшысының, Үкіметтің жан-жақты қолдауымен ауыл шаруашылығы саласының дамуында оң динамика қалыптасты. Жыл сайын субсидия, жеңілдетілген несие беруге қомақты қаржы бөлінеді.

2-бет

/// МӘЖІЛІС

## ЦИФРЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ОРМАН ҚОРЫН ҰЛҒАЙТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

ҚР Президенті Әкімшілігі Басшысының бірінші орынбасары Дархан Сатыбалдының төрағалығымен мәжіліс өтіп, оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев және жауапты сала басшылары селекторлық режим арқылы қатысты.

Күн тәртібінде өңірлерде цифрландыруды дамыту, «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық бағдарламасын іске асыру, орман қорына және елді мекендерге ағаш отырғызу мәселелері қаралды.

«Ақылды» қалалар эталонды стандартына сәйкес Қызылорда облысының жол картасы бекітіліп, 6 бағыт бойынша 22 жоба жүзеге асырылуда. Атап айтқанда, «Бейнеаналитика элементтері бар бейнекамералардың жыл сайынғы ұлғаюы» жобасы бойынша Қызылорда қаласының аумағында 19 мың камера орнатылған. Оның 7273-і полиция департаментінің жедел басқару орталығына қосылған. «Сергек» жобасы бойынша 100 бейнебақылау камерасы, 10 стационарлық жылдамдық өлшегіш бар.

2-бет

/// НАЗАРДАҒЫ НЫСАНДАР

## ҚҰРЫЛЫС: МІНДЕТ ПЕН МЕЖЕ



ұлттық жобасы бойынша 5 білім ошағы пайдалануға берілді. Оқушы орындарының тапшылығын азайту үшін 7 мектеп бой көтереді.

Мемлекет басшысына Жұмысшы мамандықтары жылына орай кәсіпорындардың сұранысы негізінде құрылыс, ауыл шаруашылығы, авиация, энергетика және су көлігі салалары бойынша жаңа білім беру бағдарламалары ашылатыны жөнінде айтылды. Еңбеккерлерді қолдау мақсатында «Отбасы банкімен» бірлесіп, өңірлік «Шығыс маманы» жеңілдетілген ипотекалық бағдарламасы іске қосылды.

Облыс әкімі өңір тұрғындарын толығымен таза ауызсумен қамтамасыз ету жөніндегі міндет жыл соңына дейін орындалатынын жеткізді. Бұл бағытта құны 14 миллиард теңге болатын 8 жоба жүзеге асырылады.

2-бет

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қызылорда қаласындағы бірқатар маңызды құрылыс нысандарын аралады. Алдымен «Bi Global» серіктестігі қолға алған, ғимаратының аумағы 3820,43 шаршы метр шығармашылық-инновациялық орталыққа барды.

Орталық қолданысқа берілгеннен кейін балаларға спорттық-сауықтыру, көркем-эстетикалық, ғылыми-техникалық, тарихи-өлкетану бағытта қызмет көрсетеді. Волейбол, баскетбол, футбол, воркаут алаңдарында, соңғы үлгідегі бассейнде жаттығу мүмкіндігі жасалады. Сондай-ақ мұнда оқушылар білімін жетілдіріп, ғылыми жұмыстармен айналыса алады. Қазір болашақтағы сәулетті ғимараттың бой тіктегенін, орталықты межелі мерзімде табыстау үшін жұмыс қарқыны жылдамдағанын байқауға болады.

Мұнан әрі аймақ басшысы 2023 жылы Индустрияландыру картасына енгізілген нан-тоқаш, кондитерлік және макарон өнімдерін өндіру кешенінің құрылысымен танысты. Жоба бастамашысы «Қызылорда Нан» серіктестігі 3,8 млрд теңгеге аумағы 6166 шаршы метр нысан салуда. Кондитерлік цехта жылына 2520 тонна кондитерлік өнім дайындалады. Ал макаронның 15-тен астам түрінен 1152 тонна өнім шығару жоспарланған.

Нұрлыбек Машбекұлы қалалық мәдени және демалыс паркін қайта жаңғырту жұмыстарын да көрді. Жалпы аумағы 6 гектар паркке ғимараттар мен аттракциондар, бетонды скейтпарк салынбақ. Бүгінде «Bi Global» серіктестігі кен көлемді абаттандыру жұмыстарын жүргізуде. Демонтаж жұмыстары толық аяқталып, субұрқақтардың орны дайындалуда. Қайта жаңғыртуды парктің ашылу маусымына, яғни мамыр айына дейін пайдалануға беру жоспарланған.

2-бет



## «ДИПЛОММЕН – АУЫЛҒА!» ЖАС МАМАНДЫ ҚОЛДАЙДЫ

Өңірде «Дипломмен – ауылға!» бағдарламасы жемісті жүзеге асырылып келеді. Бұл – қолына дипломын алып, ауылдың өркендеуіне үлес қосамын дөушілерге арналған жоба. Бағдарлама арқылы осы күнге дейін қаншама маман елді мекендерге жұмысқа тартылып, әлеуметтік көмек, баспанаға қол жеткізді. Кейінгі уақытта «Отбасы банк» бағдарлама операторы болып ресми бекітілді. Осылайша өтінім қабылдау, жастардың жұмыс және баспана мәселесін шешу мейлінше жедел әрі сапалы болып, толықтай цифрлық форматқа көшірілді.

Елімізде 2009 жылдан басталған жастардың екі қолға бір күрек табуына жоба жоғары оқу орнын тәмамдаған септігін тигізуде. Шалғай елді мекендерге

тапшы мамандарды тартуды көздейтін бағдарлама нәтижесін берді. Осы ретте қала іргесіндегі Талсуат ауылына барып, байыпты бағдарлама аясында еңбек етіп жүрген жастардың жұмысымен таныстық.

Қалалық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімінің бас маманы Айжан Иман бағдарламаға кез келген жастағы ел азаматы қатыса алатынын айтты.

2-бет



## КОЛЛЕДЖДЕРДІҢ РЕЙТИНГІ ЖАСАЛАДЫ

«Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында өңірде бірқатар ауқымды істер атқарылады. Бұл – кәсіптік білім саласын дамытуға берілген мол мүмкіндік.

Атаулы жылды өткізудің облыстық іс-шаралар жоспары бекітіліп, кәсіптік білім беру саласын трансформациялаудың жол картасы қабылданды. Бұл туралы облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары Бекжан Есенбаев өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифинг барысында хабарлады. Оның айтуынша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында даярланатын мамандықтарға профилізациялау жүргізіліп, бірнеше оқу орнында қатар даярланатын мамандық пен біліктілік бойынша мемлекеттік лицензиясы кері қайтарылады. 2023-2024 оқу жылында 9 колледждің 38 мамандығы бойынша 52 біліктілік, биыл 8 колледждің мамандық даярлау бағытына сәйкес келмейтін 21 мамандықтың 31 біліктілігі нақтыланып, лицензиясы кері алынады. Сонымен бірге, білім сапасына байланысты оқу орындарының рейтингі қалыптастырылып, жыл сайын бағалау жүргізілмек. Бұл оқу орындарының бәсекеге қабілетті кадр даярлаудағы әлеуетін айқындайды.

2-бет



## САН САЛАНЫҢ ЖҮТІН КӨТЕРГЕН АРУЛАР

Өңірлік коммуникациялар қызметінің кезекті брифингі 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні мерекесіне орай ұйымдастырылды. Баспасөз алаңына арнайы шақырылған «Абай Дәулет» ЖШС күріш ақтау зауытының зертхана жетекшісі Сәуле Шақенова, «Қорқыт ата» шекаралық бақылау бөлімшесінің кіші бақылаушысы, кіші сержант Гүлназ Тәжібаева, ТЖ департаменті кадр және тәрбие жұмысы басқармасының бас маманы, психолог Арайлым Тілеуқабылова сынды әр салада абыройлы қызмет атқарып жүрген қыз-келіншектер жұмысының негізгі бағытын баяндап, қызықты деректерін бөлісті.

Өңірдің ауыл шаруашылығы саласында өзіндік мол тәжірибесі бар өндіріс орнының бірі – «Абай Дәулет» ЖШС көпсалалы кәсіпорны. Қазір мұнда 180-нен астам өз саласының білікті маманы жұмыс істейді. Кәсіпорынның күріш ақтау зауытында зертхана жетекшісі болып көп жылдан бері еңбек етіп келе жатқан Сәуле Шақенова – Сыр салысын сұрыптап, сапалы өнім дайындауды терең меңгерген маман.

4-бет

Валюта бағамы: \$ 499,74 kzt

€ 525,23 kzt

₸ 5,6 kzt

Ауа райы: Бейсенбі ☀️ +4° 🌙 0°

Жұма ☀️ +2° 🌙 0°

## ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІН ҚАБЫЛДАДЫ

Алдағы екі жылда өңірге кемінде 1,5 триллион теңге инвестиция тарту, 700 мың шаршы метрден астам тұрғын үй және 28 әлеуметтік нысан салу, сондай-ақ ұзындығы 600 шақырымнан астам жолды жөндеу жоспарланып отыр.

Президент облыс экономикасын әртараптандыру, қайтаөңделген өнім экспортын кеңейту және инвестиция тарту жұмыстарын күшейтуді тапсырды. Қасым-Жомарт Тоқаев өңірдегі экологиялық мәселелерді шешу және көлік инфрақұрылымын жасқартуға баса мән беру керек екеніне тоқталды.

1-бет

## АЛДАҒЫ МІНДЕТТЕР ПЫСЫҚТАЛДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлытау облысының әкімі Дастан Рыспековті қабылдады.

Президентке облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуының қорытындылары туралы есеп беріліп, алдағы кезеңге арналған жоспары таныстырылды.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа өткен жылы өнеркәсіп өндірісі 8 пайызға, құрылыс жұмыстарының көлемі 28 пайызға және тұрғын үйді пайдалануға беру көрсеткіші 30 пайызға өскені жөнінде баяндалды.

Облыс әкімінің айтуынша, былтыр өңірге 226 миллиард теңгеден астам инвестиция тартылған. Оның 89 пайызы – жеке инвестиция. Жалпы сомасы 940 миллиард теңге болатын инвестициялық пул жасақталды. Биыл құны 138 миллиард теңгені құрайтын 17 жобаны іске асыру жоспарланып отыр. Бұл орайда құрылыс, сауда, логистика, энергияның балама көздері және туризм салалары инвестиция тартуға айтарлықтай тартымды деп танылған.

Мемлекет басшысына жылғытау маусымының барысы және «Таза Қазақстан» экологиялық акциясын өткізу жайында мәлімет берілді.

Президентке қатерлі өндіріс орындарында еңбек ететін азаматтардың қауіпсіздігін сақтау бағытында бұған дейін берген тапсырмасына сай атқарылып жатқан жұмыстар туралы баяндалды. Тиісті шараларды әкімдік Үкіметпен бірлесіп жүргізуде. Дастан Рыспеков «Қазақмыс» корпорациясының кеңішінен таяуда болған апат салдарынан қаза тапқан шахтерлардың отбасыларына қандай көмек көрсетіліп жатқанын айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаев бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін арттыру үшін жер қойнауын пайдаланушы ірі компаниялармен жұмысты жалғастырудың маңызды екенін атап өтті.

Облыс әкіміне көлік-логистика әлеуетін арттыру, инфрақұрылымды жаңғырту, сапалы медициналық қызмет көрсету, халықты таза ауызсумен қамтамасыз ету және экологиялық мәселелерді шешу жөнінде тапсырма берілді.

## КОЛЛЕДЖДЕРДІҢ РЕЙТИНГІ ЖАСАЛАДЫ

– Қазір колледждердің рейтингін анықтауға байланысты Оқу-ағарту министрлігі арнайы әдістемелік нұсқаулық жобасын әзірлеп жатыр. Оқу орындарының халықаралық салалық білім беру стандарты бойынша бітірушілерді сертификаттау, жұмысқа орналастыру көрсеткішін арттыру жүргізіледі. Алдыңғы жылы колледжді бітірген 5293 студенттің 4585-і, мемлекеттік тапсырыспен бітірген 3401 студенттің 2903-і жұмысқа орналасты. Ал өткен жылы 5895 студент, оның ішінде 3916-сы мемлекеттік тапсырыспен оқуын аяқтады. 4270-і жұмысқа орналасып, көрсеткіш 72 пайызды құрады. Мұны біз мемлекеттік зейнетақы төлеу орталығының апараты негізінде анықтаймыз. 2025 жылдан бастап бітіруші курстардың оқу-өндірістік іс-тәжірибеден өтуі туралы ақпарат «Епбек.kz» электронды порталына енгізіледі. Бұл түлектердің практикадан өтуімен қатар тұрақты жұмысқа орналасуына өз ықпалын тигізеді. Сонымен қатар, үздік бітіруші 200 түлекке тұрақты жұмысқа орналасуға арнайы жолдама беріледі. 2024-2025 оқу жылында мемлекеттік тапсырыс бойынша 4608 талапкер оқуға қабылданды. Оның ішінде кәсіпорындардың сұранысы негізінде 356 орын мақсатты мемлекеттік тапсырыс бойынша үш жақты келісім-шарт негізінде жүзеге асырылды. Алдағы оқу жылында 400 студент мақсатты мемлекеттік тапсырыс бойынша оқуға қабылданады. Олардың теориялық білімін кәсіпорын базасындағы іс-тәжірибемен ұштастыруға және практикадан сапалы өтуіне, нәтижесінде тұрақты жұмысқа орналасуына кәсіпорын тікелей жауапты болады, – деді облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары.

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, өңірдің еңбек нарығында 334,8 мың адам жұмыспен қамтылса, оның 52,2 пайызының жұмысшы мамандығы бар. Олар

## ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСІМ: ӘРБІР ІСКЕ ҰҚЫПТЫЛЫҚ ҚАЖЕТ



Жақын күндері көктемгі дала жұмыстары басталады. Егін егу науқанына қажетті жанар-жағармай, техника, тыңайтқыштардың нақты көлемін есептеп, дер кезінде жеткізілуін қамтамасыз етіңіздер. Бұл жұмыстарға қала, аудан әкімдері де жауапты. Науқан еш кедергісіз өтуі үшін барлығын жүйелі ұйымдастырыңыздар.

Тұрғындарға электр энергиясын, жылу, су және газды үздіксіз беруде ешқандай мәселе туындамауы тиіс. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, биыл халықты орталықтандырылған ауызсумен 100 пайыз қамтуымыз қажет. Газдандыру деңгейін 82 пайызға жеткіземіз. Тиісті орталық атқарушы органдармен жұмыс жасап, жобаларды республикалық бюджет қаржысы есебінен барынша қаржыландыру, жетпеген бөлігіне арнайы

1-бет

## ЦИФРЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ОРМАН ҚОРЫН ҰЛҒАЙТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік шеңберінде қала аумағына 1400 бейнебақылау камерасын орнату жоспарлануда. Камерала жасанды интеллект арқылы бет-әлпетті тану функциясы қарастырылған.

Өңірдегі медициналық ұйымдар компьютермен, «Даму-Мел» кешенді медициналық ақпараттық жүйесімен толық қамтылған. «Қалалық автотүрлік кеністігін басқару» жобасы 100 пайыз жүзеге асырылған. Инновациялық IT жобаларды қолдау және дамыту мақсатында өңірлік технопарктердің ұйымдастыруымен былтыр 112 іс-шара өткізіліп, 4383 адам қатысты. 2020 жылдан бері Қызылорда қаласында «109 – Бірыңғай байланыс орталығының» жұмысы жолға қойылған.

«Таза Қазақстан» республикалық эко-

1-бет

қорларды, демеушілерді тарту керек.

Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасы, Қызылорда қаласы және аудан әкімдіктерімен бірлесіп, жыл соңына дейін жоспарланған жобаларды басты назарда ұстаныңыздар. Биыл салынатын, сатып алынатын пәтерлердің сапасын қатаң бақылауға алыңыздар. Жоба-сметалық құжаттамаларды әзірлеудің тиімділігін қарау жөніндегі кеңес жұмысын жандандырып, алдағы уақытта ең қажетті жобаларды бірінші кезекке қойыңыздар, – деді облыс әкімі.

Сондай-ақ облыс басшысы жаңа автовокзалдың жұмысы бір жүйеге қойылмағанын айтып, барлық автобустың жаңа автовокзалдан қатынауын міндеттеді. «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында салынған медициналық нысандардың сапасына

қатысты да сын айтылып, жақын арада кемшіліктерді қалпына келтіру бойынша тапсырма берілді.

Құрылыс саласындағы өзекті мәселелердің бірі – әлеуметтік осал топтар үшін сатып алынған тұрғын үйлер сапасы. Аймақ басшысы тұрғын үй қорына мониторинг жүргізіп, қорытындысын I аптада ұсынуды тапсырды. Егер аудан әкімдерінің берген ақпараттары сәйкес келмесе, тиісті қадрлық шешімдер қабылданынын қатаң ескертті.

Жылы соңында Қызылорда қаласы, аудан әкімдеріне «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық бағдарламасы аясында санитарлық тазалық жұмыстарын күшейту, әлеуметтік, кәсіпкерлік нысандардың қасбеттерін қалыпқа келтіру, ойын алаңдарында, саябақтар мен аллеяларда сенбілік ұйымдастыру бойынша тапсырма берілді.

логиялық бағдарламасы аясында санитарлық тазалық, абаттандыру және тұрғындардың өмір сүруіне қолайлы жағдай жасау мақсатында өңірлік жоспар бекітіліп, кешенді жұмыс жүргізілуде. Мекеме ғимараттарының қасбетін, аула-лардағы балалар ойын және спорт алаңдарын, көшелердегі жарықтандыру мен аялдамаларды әрлеудің, сырлау, безендірудің біркелкі дизайн-коды бекітілді. Облыс орталығынан бастап барлық елді мекендегі мекеме ғимараттары, аулалар, ойын алаңдары, аялдамалар, жарық бағаналары бірыңғай архитектуралық талаптарға сәйкестендірілді.

Өңірде жыл сайын «Үлгілі елді мекен» конкурсы өткізілуде. Соңғы екі жылда үздік атанған елді мекендерге 48 арнайы техника табысталды. Биыл да 19 техника жеңімпаздарға берілмек.

ЖОБА

### «ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ АУМАҒЫНДАҒЫ СЫРДАРІЯ ӨЗЕНІНІҢ СУ ҚОРҒАУ АЙМАҚТАРЫН, БЕЛДЕУЛЕРІН ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ШАРУАШЫЛЫҚТА ПАЙДАЛАНУ РЕЖИМІН БЕЛГІЛЕУ ТУРАЛЫ» ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ 2017 ЖЫЛҒЫ 24 АҚПАНДАҒЫ № 720 ҚАУЛЫСЫНА ӨЗГЕРІС ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

Қызылорда облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. «Қызылорда облысының Қызылорда қаласы аумағындағы Сырдария өзенінің су қорғау аймақтарын, белдеулерін және оларды шаруашылықта пайдалану режимін белгілеу туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2017 жылғы 24 ақпандағы №720 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде №5758 болып тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының 2-қосымшасының 2-тармағының 2) тармақшасы келесі редакцияда жазылсын:

(2) су шаруашылығы және су жинайтын құрылысжайлар мен олардың коммуникацияларын, көпірлерді, көпір құрылысжайларын, айлақтарды, порттарды, пирстерді және су көлігі қызметіне байланысты өзге де көліктік инфрақұрылым, кәсіпшілік балық өсіру объектілерін, балық өсіру шаруашылықтары мен олардың коммуникацияларын орналастыруға және қызмет көрсетуге байланысты балық өсіру объектілерін,

«КЕЛІСІЛДІ»

«Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігі Су ресурстарын реттеу, қорғау және пайдалану комитетінің Су ресурстарын реттеу, қорғау және пайдалану жөніндегі Арал-Сырдария бассейндік инспекциясы» республикалық мекемесі

«КЕЛІСІЛДІ»

«Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Қызылорда облысы бойынша Экология департаменті» республикалық мекеметтік мекемесі

балық шаруашылығы технологиялық су айдындарын, жанартылатын энергия көздерін (гидродинамикалық су энергиясын) пайдалану объектілерін, сондай-ақ су объектісіндегі рекреациялық аймақтарды қоспағанда, демалыс және (немесе) сауықтыру мақсатындағы ғимараттар мен құрылыс-жайларды салмай, ғимараттар мен құрылысжайларды салуға және пайдалануға».

2. «Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі және Қызылорда қаласының әкімдігі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қызылорда облысы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі Н. НӘЛІБАЕВ

«КЕЛІСІЛДІ»

«Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Қызылорда облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі

«КЕЛІСІЛДІ»

«Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

## ҚҰРЫЛЫС: МІНДЕТ ПЕН МЕЖЕ

Сонымен қатар, аймақ басшысы кірпіш зауытының құрылыс алаңына барды. «Қызылорда Саз М» ЖШС-ның кірпіш зауытын орналастыруға өңірлік үйлестіру кеңесінің шешімімен 7 гектар жер телімі берілген. Іске қосылған соң мұнда жылына 90 млн дана кірпіш шығарылады. Зауыттың іргетасы толық құйылып, металл конструкцияларының 60%-ы орнатылған. Мұнда 50 жұмысшы еңбек етеді. 11 техника қойылған. Қажетті қондырғылар Қытайдан жеткізілді. Айналымды пеш, шикізат дайындайтын қондырғы, экструдер, кірпіш кесіп оны жинайтын құрылғылар монтаждалуда. Жанына әкімшілік-тұрмыстық ғимарат та салынады. Бұл кірпіш зауытының артықшылығы – өндіріс толығымен автоматтандырылған.

Облыс әкімі сондай-ақ, шыны зауытының жұмыс барысын көрді, одан әрі жаңа стадион, физика-математика мектеп-интернаты және облыстық тарихи-мәдени мұра орталығы, музыкалық колледждің жаңа ғимарат құрылысына аялдады. Мердігер мекемелерге нысандардың сапалы салынуы, уақытылы пайдалануға берілуі маңызды екенін ескертті.

Құрылыс нысандарын аралап шыққан аймақ басшысы бұл жобалардың жергілікті инфрақұрылымды дамытудағы маңыздылығын атап өтті.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

1-бет

## «ДИПЛОММЕН – АУЫЛҒА!» ЖАС МАМАНДЫ ҚОЛДАЙДЫ

– Басты талап сұранысқа ие мамандық бойынша дипломы және жұмыс өтілі болу керек. Маманның несие тарихында 90 күннен асқан кешіктірулер болмауы тиіс. Сонымен қатар өзінде, отбасы мүшелерінде соңғы екі жылда аттарында тұрғын үй болмауы шарт. Маман өтінішті жұмысқа орналасқаннан кейін Отбасы банк baspara.kz арқылы электронды түрде тапсырады.

Бағдарламаға сай келетін салалар қатарында денсаулық сақтау, білім, әлеуметтік қамту, мәдениет, спорт, агроөнеркәсіп кешені және мемлекеттік қызмет бар. Былтыр қала бойынша 51,6 млн теңге бөлініп, 140 маман бірреттік көтерме жәрдемақы алды. Оның ішінде білім саласынан 85, денсаулық саласынан 32, әлеуметтік қамсыздандырудан 3, мәдениеттен 9, спорттан 3, агроөнеркәсіп кешенінен 1 маман және 7 мемлекеттік қызметкер аталған көмекті иемденді. Ал тұрғын үй сатып алуға бюджеттік кредит бойынша 365 млн теңге



қаралып, 51 маман баспаналы болды. Биыл бағдарлама бойынша көтерме жәрдемақы 110 маманға берілсе, тұрғын үй алу бойынша 35 маман қамтылмақ. Жас маман бірреттік жәрдемақы алып, баспаналы болғаннан кейін, сол елді мекенде кемі үш жыл еңбек етуі тиіс. Баспана мәселесінің шешілуі жастардың алаңсыз жұмыс істеуіне жол ашады, – дейді ол.

Оқуын бітіріп, «Талсуат» ауылдық округіне жұмысқа орналасқан маманның бірі Айжан Аймағанбетова тиісті көмегін алып, баспанаға қол жеткізді. Жанына жақын жұмысын атқара жүріп, мемлекеттен берілетін көмекті тиімді пайдаланды. Бүгінде ол талай баланың дертіне шипа тауып, кәсіби маман атанған.

– 2011 жылы Ақтөбедегі М.Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университетін жалпы медицина, реабилитолог мамандығы бойынша бітірдім. Ауылдық қытамен оқыған соң, талабына сай 5 жыл елді мекенде жұмыс істеу керек. Алдымен «Талсуаттағы» ересектерге арналған оңалту орталығына жұмысқа орналастым. Кейін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету балалар орталығына ауыстым. 2018 жылы бағдарлама жайында естіп, қатыстым. Бірреттік көтерме жәрдемақы алдым. Былтыр бюджеттік кредит бойынша тұрғын үй алуға құжат тапсырып, ауылдан жайлы баспаналы болдым, – дейді ол.

Жұмысын тиянақты әрі жауапкершілікпен атқаратын Айжан науқас балаларға қажетті ем-дом тағайындайды. Жұмысы оңай емес екенін алға тартқан ол әрбір баланы өз баласындай қабылдайтынын жеткізді. Жұмыс барысында оның бала жанын ұғына отырып, тіл табысатынын түсіндік.



Ал Жанерке Кәдірбек – «Талсуат» ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы.

– Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетін қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі мамандығы бойынша оқыдым. Оқуды ойдағыдай бітіріп, «Талсуат» ауылдық әкімдігіне жұмысқа орналастым. Қызмет ете жүріп, бағдарлама жайлы естіп, қатысуға ниет еттім.

«Отбасы банк» бөлімшесіне барып, өтініш қалдырдым. Алдымен бірреттік көтерме жәрдемақыны алдым. «Дипломмен – ауылға!» бағдарламасына бұрын тек дәрігер, мұғалім мамандар ғана қатыса алатын еді ғой. Бұл қатарға мемлекеттік қызметкерлердің де қосылғаны қуантады. Енді жайлы баспанаға қол жеткізуге талпынып жүрмін, – дейді ол.

Мамандар да, қатысушылар да көптің көңілінен шыққан бағдарлама ауылдық жердегі еңбек нарығын дамытуға септігін тигізетінін айтады. Биыл да бастамаға қызығушылық танытып отырған жастар жетерлік екен.

Сара АДАЙБАЕВА, «Сыр бойы»

1-бет

1-бет



**Б**алайым әжем әңгімешіл, көргенін, естігенін тыңдаушысы болса, тамылжытып айтып беретін еді, жарықтық. Балалықтың, шалалықтың әсері ме, сол әңгімелердің көпшілігі есімде қалмапты. Есімде қалғаны – соғысқа қатысты бір әңгіме. Сол соғыс туралы әжем айтқан әңгіме әр жылы мамыр айы туғанда еске орала береді.

# СОҒЫС неден басталып еді?

– Соғыстың екінші жылы көршіміздің 18-ге енді толған баласын әскерге шақырды, – деді сол әңгімесінде әжем. – Алпамсадай қарулы жігіт үлкен қамбаға саздан балшық жатқызып, оны жалғыз өзі сыртқа шығарып, иін қандырып дегендей, кесек құятын. Соғысқа шақырылған күні сыртқа шығарылған қамбадағы үйме сазды құйып үлгерме аймай, сол кеткеннен қайтып оралмады. Үйме саз әлгі жігіттен қалған ескерткіш секілді ұзақ жыл жатты. Ол жерге ешкім үй салмады.

Түсінген адамға жүрек тебіренетінін әңгіме. Әжеміні айтқан соғыстың екінші жылы – тарихта сол зұлматтың ең ауыр кезеңі болатын. Сталинградқа дейін Қызыл Армия қатарында неміс қолына тұтқынға түскендер мен қаза тапқандар, із-түзсіз кеткендер саны миллиондап саналатын. Сол боздақ қайда кетті? Өлсе қай жерде жерленді? Қолға түссе, сүйегі қай жерде қалды? Бүгінге дейін боздақтардың дерегі аз да болса табылып жатқанына қарамастан, сол зұлматтың қара жер қойнында жасырып жатқан сырлары әлі көп. Өйткені бұл соғыс қасіреті жағынан әлемдегі өзіне дейінгі болған қанды қырғындардан ондаған есе асып түседі.

Иә, кешегі соғыс қанды қырғынды көз алдымызға әкелер еді. Қазақстанда құралған құрамалар Мәскеу түбінде, Сталинградта, барлық майдандарда ерліктің өшпес өнегесін көрсетті. Қазіргі дерек бойынша 100-ден астам казак Кеңес Одағының Батыры атағын иеленді. 100 мыңдаған әскер орден-медалдармен марапатталды. Соғыс жылдары 1 млн 500 мың қазақстандық майданға аттанды. Олардың тең жарымы майдан даласынан қайтып оралмады.

Бір ғана Мәскеу бағытындағы Вязьма, Ржев қырғыны Қазақстанда жасақталған құрамалардың 80 пайызын құрбан етті. 2020 жылдың Жеңіс мерекесі күні Ржев өңірінде халықтың өз қаржысымен қырғында қаза тапқандардың тізімі қашалып жазылған монумент ашылды. Ендеше бүгін біз әкелеріміз бен аталарымыздың сол кездегі өз Отаны үшін жанқиярлықпен соғысқанын ұмытуымыз керек пе? Олар сол кездегі Отаны үшін күрескен жоқ па?!

Өткен тарихқа баға беру – күрделі мәселе. Біз кейде өмірде болып жатқан құбылыстарға, саяси оқиғаларға өреміз, біліміміз жетпесе де өзеуереп, өзіндік пікірімізді білдіруге беіім тұрамыз. Басқасын былай қойғанда, дүниежүзілік ауқымдағы мемлекеттер қарама-қайшылығын бір-бірімен сапырып, дәмі мен тағуы жақ әңгімелердің тізгінін босатып жіберетініміз бар. Мұндайда, егер тыңдаушысы шала сауатты болса, айтушының, әлбетте, керемет білімдар болып көрінуі әбден мүмкін. Бірақ кәдімгі өмір, оны туындататын саясат дегенімізге баға беруге біздің өреміз жетпейтінін барлығымыз бірдей мойындай бермейміз.

2019 жылдың 19 қыркүйегінде Еуропарламент «Еуропа халықтарының болашақ ұрпақтарына арналған» қарар жариялады. Қарарда екінші дүниежүзілік соғыстың басталуына гитлерлік фашист режимімен бірге сталиндік коммунистік режимнің бірдей айыпты екені атап көрсетіліп, бұл жағдайды Еуропаның болашақ ұрпағы білуге тиіс екені айтылады. Осыған орай олар 1939 жылы Германия мен Кеңес Одағы арасында шабуыл жасаспау туралы келісімді, яғни тарихқа Риббентроп-Молотов пактісі деген атпен жасалған келісімді негіз етіп алады. Қазір АҚШ, Польша, Украина мемлекеттерінде бұл орайда қызғу насихат жұмыстары басталып кетті. Дәл осындай насихат жұмыстары Балтық жағалауы республикаларын қамтуда. Тарихшылардың

атап көрсеткеніндей, оларды Ресейдің либералдық бағыттағы қозғалыстары қолдайды. Шығыс Еуропа елдерінде Кеңестік ерлікті паш ететін ескерткіштер қиратылып жатыр. Ал тарих шындығы былай дейді. 1933 жылы ақпанда Германияда билік басына Гитлер келді. Ол ә дегеннен герман халқының мүддесі Шығыста жатқанын жария етіп, жаппай қарулана бастады. Көп ұзамай-ақ Герман әскері қарулану дәрежесі бойынша Еуропада алғашқы қатарға шықты. 1934 жылы Еуропа мемлекеттерінің ішінде бірінші болып Польша Гитлермен бейбіт келісім жасасты. Еуропаның сол кездегі белді мемлекеттері Ұлыбритания мен Франция Гитлермен ауыз жаласып, Чехославакияны бөлшектеуге арналған Мюнхен келісіміне қол қойды. Сөйтіп, өнеркәсібі дамыған Чехославакияны Гитлердің табанының астына салып берді.

Бұл масқара оқиғаны кейін Ұлыбритания премьері Черчилль өзінің мемлекеті үшін болған қорлық ретінде бағалады. Гитлермен келісімге келіп, масқара болған өзінің бұрынғы премьері Чемберлен туралы осылай айтқан еді. Шын мәнінде күллі Еуропа осының барлығын Кеңес Одағына Гитлерді айдап салу үшін жасаған есеп болатын.

Саяси жағдайдың ушыға түскенін бақылап отырған Сталин алдымен Еуропа елдерін Гитлерге қарсы күш біріктіруге шақырды. 1939 жылы 19 тамызда Кеңестің сынайын байқауға Мәскеуге ағылшын, француз әскери делегациялары келді. Кеңес басшылары бірден іске көшті. Қызыл армияның бас штаб бастығы Шапошников егер Гитлер Еуропа елдеріне қарсы соғыс бастайтын болса, Кеңес Армиясы оған қарсы 120 жау әскер дивизиясын, 16 атты әскер дивизиясын, 10 мың танк, 5 мың зенбірек қарсы қоя алатынын мәлімдеді. Бұл Сталиннің соғыс қаупі туындаса жаудың бетін Кеңес шекарасынан тыс жерде қайтаруға қатысты прагматикалық шешімі болатын. Ағылшындар мен француздар ешқандай мәмілеге келместен елдеріне қайтып кетті. Сол уақыттың өзінде белгілі болғандай олар алдымен Кеңес Одағы мен Германияны өзара қырқыстыруды ойлады. Сталин жалғыз қалды. Не істеу керек? Бұл, әрине, тағдырлы сұрақтың мәселесі болатын. Еуропалықтардың қулығын сезген Кеңес басшысы Гитлермен келісімге келуді ұйғарды. Ол соғыстың болмай қоймайтынын біліп, әл жинап алуға уақыт керек екенін сезді. Сталин үшін уақыт ұттыру қажет болды. Гитлермен келісім барысында бірінші дүниежүзілік соғыстың барысында патша империясы айырылып қалған Батыс Украина мен Батыс Белоруссия жерлері Кеңестерге қайтып оралды. Сондай-ақ пакті бойынша Гитлерге іштей жылуы бар Балтық жағалауы елдеріне Қызыл армия енгізілді. Бұл Сталиннің сол кездегі саяси жағдайдан туындаған мүмкін болған қадамы еді.

Сонымен бірге тарихшылар мынадай керемет тарихи фактіні алға тартады. Риббентроп-Молотов пактісінде екі елдің бір-біріне, сондай-ақ екеуінің басқа біреулерге қатысты қарсы шабуылдан бас тартуы заңдылық жауап де біектілген болатын. Ал енді осының барлығын аяққа таптап, соғыс бастаған кім?

Шабуыл тұтқиылдан жасалды. Алғашқы жылы Қызыл армияда шығын көп болды. Қару-жарақ, оқ-дәрі жетіспеді. Олардың көпшілігі шекараның батыс бөлігінде орналасқандықтан қысқа уақытта неміс қолына көшті. Гитлердің «Барбаросса» жоспары бойынша немістер батыстағы Қызыл әскерді 20-30 күнде жойып, Мәскеуді жаулап алуды, Волгаға шығуды мақсат тұтты. Алайда көптеген шығынға қарамастан, Кеңес армиясы жанқиярлықпен соғысты.



Сталин батыстағы зауыттарды қысқа уақытта шығысқа көшірді. Бүгінгі тарихшылар бұл миссияның бұрын-соңды тарихта болмаған көлемде жүзеге асырылғанын айтады. Кеңес жол қатынастары министрінің орынбасары Дубровин соғыс басталған күні кітапханада болған көрінеді. Ол бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде патша үкіметінің эвакуацияны қалай жүргізгені жөнінде деректерге қанығу мақсатымен мұрағат құжаттарын ақтарған. Ондай деректер болмай шықты. Осыған қарамастан Кеңес үкіметі тақыр жерден жанқиярлық жұмыс атқарып, неміс бомбалаушы ұшақтарының астында жүріп мыңдаған зауыттарды Сібірге, Орта Азияға көшірді. Олар бар болғаны 4 айдың ішінде өнім бере бастады. 1943 жылдан бастап қызыл әскерлер соғысуды үйренді. Жас командирлер қолбасшы дәрежесіне дейін көтерілді. Армияның соғыс өнерін үйреніп жауды тықсыра бастағанын Германияның Гальдер, Клейст сияқты қолбасшылары мойындап, бұл жөнінде Гитлерге баяндап отырған.

Соғыстағы шығындар туралы мынадай мәліметтер бар. Сталинге жоспарлау комитетінің төрағасы Николай Вознесенский 1946 жылы Кеңес әскері мен бейбіт халықтың соғыстағы жалпы шығыны 16,5 млн адам деген дерек келтірген. Хрущев жалпы шығын 20 млн адам десе, Горбачев 27 млн деген цифрды келтірді. Ресей ғылым академиясының академигі, белгілі тарихшы Виктор Земсков 30 жыл архивте отырып 2012 жылы мынадай деректерді алға тартты. Оның зерттеуі бойынша Кеңестің жалпы шығыны – 16,5 млн адам. Оның 9,5 млн адамы майданда қайтыс болған, бейбіт халықтың шығыны – 5 млн. Немістердің және олардың одақтастарының шығыны – 8,5 млн, бейбіт халықтың шығыны мүлдем аз. Себебі Кеңес армиясы өзі жаулап алған неміс аумағында жергілікті халыққа қарсы геноцид жүргізген жоқ. Қайта оларды құтқарып қалды. Тарихшылар бұл орайда мынадай деректер келтіреді. Қызыл армия Германияға енгенде халыққа жүргізілген насихат салдарынан неміс аналары өздерінің балаларын беліне байлап суға лақтыру фактілері көп болған. Қызыл армияны адам емес, жыртқыш деп көрсету бейбіт халық арасында осындай трагедиялардың орын алуына жол берген. Бұл Гитлердің орынбасары Геббельстің насихатынан болған трагедия еді. Азат етілген қалаларда сол суға тастаған аналардың көпшілігін Кеңес солдаттары құтқарып қалды. Фактілер бойынша бейбіт халық арасында немістердің өзін-өзі өлтіргендер саны 700-1200 адамнан аспайды. Ал керісінше немістердің Кеңес аймағында зорлық-зомбылықпен, қоншаулыларды өлгендер саны 5 млн адамнан астам. Тарихшылардың пайымдауы бойынша, Земсковтың дерегі шындыққа жақындайды. Өйткені әскери шығын Кеңес әскерінде 9,5 млн болса, немістер мен оның одақтастарының шығыны 8,5 млн деген цифрлар – академиктің 30 жылғы зерттеуінің жемісі.

Кеңес солдаттары Германияға кіргенде олардың өз отанында фашистердің адам айтқысыз зұлымдық жасаған фактілері естеріне түспеді дейсіз бе? Ашу-кек оларды қарсы қимылдарға итермелегені де шындық. Бірақ Сталин – үлкен саясаткер, әлемді тұтқа. Ол 1945 жылдың ақпан айында №229 бұйрығын шығарып, онда жергілікті халыққа зорлық-зомбылық жасаған Кеңес әскері қатаң жазаланатыны ескертілген. Әйелдерді зорлағандар сол бұйрық бойынша, ату жазасына кесілген. Тарихшылардың дерегі бойынша Қызыл әскер қолбасшысы Иван Конев осындай қылмыс жасаған 40 солдат пен офицерді құрама алдында атқызған. Содан кейін майдандағы ондай оқиғалар қайталанбады. Керісінше, Герман солдаттарының Кеңес жерінде жасаған қылмыстарынан жан түршігеді. Олар жөнінде Нюрнберг сот процесінде кенінен айтылып, оларға қатыстылық жазаланды. Одақтастардың кейін керек болады деген жымсысы ойларына қарамастан айыптылар жазаланды. Оны халықаралық трибунал жүзеге асырды. Дегенмен, фашистердің көпшілігі жасырынып, тіпті кейбіреулері аттарын өзгертіп, кімді АҚШ, Ұлыбритания елдері қатарында Кеңес жүзесіне қарсы күресті.

Жуырда Ресейдің «Взвезда» телеарнасы соғыстың шындығына қатысты арнайы хабар ұйымдастырып, оған

Ресейдің белгілі ғалымдарымен бірге швед, неміс оқымыстылары қатысты. Тарихшылар Ресейге қатысты қазіргі өшпенділіктің мерзімі ұзаққа бармайтынын, шындық келесі ұрпақтарға сол шындық күйінде жеткізілетініне сенімді екендерін мәлімдеді.

Осы орайда тағы бір шындықты айтудың кезегі келіп тұр. 1975 жылы Жеңістің 30 жылдығын атап өту үшін Кеңес Одағы құрамындағы Қазақстан делегациясы сол кездегі Герман демократиялық республикасының астанасы Берлинге аттанады. Ол делегацияның ішінде атакты партизан Қасым Қайсенов болған. Берлинде бірнеше мың адам жиналған салтанатты сарайда екі елдің басшылары сөйлеп болғаннан кейін, сөз көзі тірісінде аңызға айналған көрнекті жазушы, партизан Қасым Қайсеновке беріледі. Трибунаға көтерілген ағамыз: «Мен ең алдымен неміс халқынан кешірім сұрағым келеді» деп залға қарап еңкейеді. Залда отырған немістердің көзі шарасынан шығып, аузы ашылып қалады. Президиумда отырған Кеңес делегациясының есі шығып не істерін білмей: «Қасеке, біз жеңгенбіз... соғыста біз жеңгенбіз...» деп, оның сөзін түзетпекші болады. Ал партизан ағамыз болса, сөзін әрі қарай байыппен жалғастырып, соғыс кезінде өзінің партизан болғанын, партизандар жау солдатын тұтқынға алмайтындықтан немістердің олардан қатты қорқатынын, сол жылдары өз қолымен талай неміс солдатын о дүниеге аттандырғанын айтып келіп: «Мүмкін солардың арасында сіздердің балаларыңыз, әкелеріңіз болған шығар, сол үшін мені кешіріңдер!» деп залда отырған немістерге тағы да иіліп тағзым етеді. Разы болған немістер ұзақ қол шапалақтап тоқтамай қойған десең.

Қайран Қасеке, жауларына мейірімсіз болған асыл ер соғыстың қасіретіне қатысты бейбіт уақытта осындай шындықты да жайып салған. Өзіне Халық Қаһарманы атағы берілгенде оңаша бөлмеге тығылып алып, бір шөлмек қонықты ішіп, өксіп-өксіп алған көрінеді. Неге жыламасын, сол соғыста өшпес ерлік көрсеткен бауырлары Бауыржан мен Рахымжанға бұл атақ өлгеннен кейін берілген еді.

Қазақтың біртуар ұлы Бауыржан Момышұлы – соғыс жылдары көрсеткен ерен ерлігі үшін батыр атағы дер кезінде берілмесе де, халқының шексіз сүйіспеншілігіне бөленген азамат. Осының дәлелі іспетті көптеген казак балаларына батырдың есімі берілді.

Бауыржан Момышұлы туралы жазушы Әзілхан Нұршайықов: «Әдебиет айдыны» газетінің 2005 жылғы 9 маусым күнгі санының 3-бетінде: Бағытта «Ақиқат пен аңызды» жазу үшін әңгімелесіп жүрген біз өңімімізде Баукең маған: «Қазақстанда мен аттас 13000 Бауыржан бар деп естіп ем деген еді. Қазір еліміздегі Бауыржанлар саны 13000 емес, 130 мыңға жеткен шығар деп ойлаймын» деп жазды.

Ұшқыш Нұркен Әбдірәтін қаза тауып, оған батыр атағы берілгеннен кейін анасы Бажан бір немересінің атын өзгерткен. Бұлай етудегі мақсаты – майданда қаза тапқан батыр ұлының орындай алмай кеткен армандарына қол жеткізсін дегені еді. Бұл туралы жазушы Ғабит Мүсірепов 1943 жылы «Батырдың анасы» мақаласында жазды: «Өткен қыста үлкен келіні ұл туып еді, атын кемпір «Орал» деп қойды. Ол Орал тауының аты емес, балаларының аман қайтып оралуына арналған жорасы еді. Жақында Нұркеннің хабары анықталғаннан кейін, ана жүрегі оңды-солды толғанып келіп, бір демеуді тағы тапты.

– Енді бұның аты Нұркен болады, – деді.

Қазір баланың аты Нұркен. Өзі Нұркеннен айнымайды, құйып қойғандай: Ана айнымайды десе, баланың айна алатын қай шамасы бар, айыр емес...

Тек тілін шығып, есің кірсін, – дейді Бажан кемпір баланы сергітіп отырып, – дүниеде неміс деген ел барлығын, фашист деген пәле содан туганын құлағына құйып өсіремін. Дүниеге осыныша бөле әкелген жаудан еселеп кетіңді ал деп жұмсармын».

Ерліктің идеологиялық сипаты болмайды. Ол – қай уақытта да ерлік! Оларға мың тағзым!

**Жодаласбек АҚСАҚАЛОВ,**  
Қазақстанның құрметті журналисі

Уақыт өткен сайын сұрапыл соғыстың дүрбелеңі санамыздан көмескіленіп, алыстап барады. Бірақ көңілден кетіп, жүректен өшпек емес. Өйткені ол қаншама адамның басына қайғы бұлтын үйірді. Бүгінде майданның алдыңғы шебінде жүріп басынан өткергендердің де, солардың тілеуін тілеп, тылдағы бар ауыртпалықты иығымен көтергендердің де, ата-анасынан айырылып, жетімдіктің тауқыметін тартқандардың да қатары жыл сайын азаюда. Десе де олардың кейінгі ұрпақ үшін жасаған ерлігі елдің мәңгі жадында. Бүгінгі мақаламыздың арқауы аймақтың қауіпсіздік саласында қызмет еткен соғыс ардагерлері жайлы болмақ.

# ЕРЛІК ешқашан ұмытылмайды

**Ахай Әлменов** 1923 жылы Арал ауданы «Көкарал» ауылында дүниеге келген. Майдан алдында ол Қызылорда педагогикалық институты мен қауіпсіздік комитетінің арнайы мектебін бітірді. 1942 жылы Ашхабад қаласындағы жау әскер училищесін тәмамдайды. Соғыс кезінде Сталинград майданында 64-армияның 66-бөлек теңіз атқыштар бригадасы 1-атқыштар батальонының взвод командирі болған. 1943 жылы ауыр жарақат алып, Оңтүстік Орал әскери округінің қарамағына жіберілді.

Елге оралған соң Арал аудандық атқару комитеті жалпы бөлімінің меңгерушісі болды. Одан кейін де түрлі жауапты қызметтер атқарды. Мәселен, мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің Арал, Қазалы, Қармақшы аудандарында жедел уәкіл, аға жедел уәкіл, облыстық басқармада да аса жауапты қызметтерді абыроймен атқарды. Зейнетке шыққанша, қауіпсіздік қызметінің салаларында, оның ішінде басқармадағы ақпараттық талдау тобына жетекші болды. 1979 жылы Қазақ КСР мемлекеттік қауіпсіздік органдарынан шығарылып, запасқа алынған. Подполковник Ахай Әлменов соғыс кезіндегі ерен ерлігі үшін «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталған. Одан өзге 1945 жылы «Германияны жеңгені үшін», ІІІ дәрежелі «Мінсіз қызметі үшін» медальдарымен және т.б. марапатталған. Жолдасы Набат екеуі бес бала тәрбиелеген майдангер 1990 жылы желтоқсан айында дүниеден озды.

Келесі кейіпкер – **Әбдібек Қарібасов**. Ол 1924 жылы 15 қыркүйекте Сырдария ауданы Киров колхозында дүние есігін ашқан. Соғыс басталған тұста мектеп оқушысы еді. 1941 жылы мектепті тәмамдап, 1942 жылы Қызылорда қалалық халықтық сотының хатшысы қызметін атқарды. 1942-1945 жылдары Орта Азия әскери округінің Ашхабад қаласындағы 7-бөлек оқу атқыштар полкі полктік мектебінің курсанты, онан соң Красноводск қаласындағы 93-бөлек атқыштар бригадасының бөлімше командирі, Өңдіжан қаласындағы кіші лейтенанттарды оқыту округтік курсының курсанты атанды. Ол соғыс жылдарында 1-Беларусь майданының 3-әскері 73-атқыштар дивизиясы атқыштар взводының және Германиядағы Кеңестік әскерлер тобының 5-армиясы 416-атқыштар дивизиясы 1368-атқыштар полкі пулемет взводының командирі болды. Әбдібек Арғынбайұлы барлаушылар тобымен жүріп, фашистердің қарсылығына қарамастан, тылдан өтіп жоғары шенді Вермахт офицерін ұстаған. Осы ерлігі үшін оған ІІ дәрежелі «Ұлы Отан соғысы» ордені берілді.

1946 жылы КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының жарлығымен әскери қызметтен запасқа демобилизацияланған. Елге келісімен қайтадан қалалық халықтық сотының хатшысы, онан кейін Өзбек КСР Мемлекеттік қауіпсіздік министрлігінің Сурхандария облыстық басқармасы Шуурин аудандық бөлімшесінің есепші-хатшысы болды. Қауіпсіздік саласында түрлі жауапты қызметтерді абыроймен атқарған ол еңбек жолында Оңтүстік Қазақстан облысында жедел уәкіл, барлаушы қызметтерін де атқарды. 1954 жылы КСРО мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің Ленинградтағы арнайы мектебін бітірген. 1966 жылы Қызылорда облысы бойынша комитетте қаржы-шаруашылық бөліміне жетекшілік жасаса, 1970-1975 жылдары Жамбыл облысы бойынша осы лауазымда қызмет етті. Сол жылы денсаулығына байланысты подполковник әскери шенімен зейнетке шығып, запасқа алынды. Жұбайы Ташпи Қарібасева екеуі екі қыз, екі ұл тәрбиелеп өсірді.

Аймақтың қауіпсіздік саласында қызмет еткен майдангердің бірі – **Абдуғали Бәкіров**. Ол 1924 жыл 1 шілдеде Шиели ауданы «Тартоғай» ауылында дүниеге келген. Туған ауылындағы онжылдық мектепті тәмамдап, Алматы қаласындағы С.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті мен КСРО мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің №310 арнайы мектебін аяқтайды. Ол сегіз жасында соғысқа ақ-



танып, 1942 жылы КСРО Ішкі істер халық комиссариатының Ішкі әскерлері 291-атқыштар полкінің атқшы жауынгері атанды. Ленинградты қоршаудан азат ету жолында күрескен ол 1943-1944 жылдары Ленинград майданында №230 атқыштар полкінде бөлім командирі қызметін абыроймен атқарды.

Әскери қызметтен босаған соң, 1952-1954 жылдары қауіпсіздік комитетінің арнайы мектебіне оқуға қабылданды. Ал 1954 жылы қауіпсіздік комитетінің Қызылорда облысы бойынша бөліміндегі қызметіне кірісті. Мұнда жедел уәкіл, аға жедел уәкіл, қарсы барлау бөлімі сынды бірқатар бөлімдерде мүлтіксіз қызметін жалғайды. Шиели ауданындағы бөлімше де жетекшілік етті. 1975 жылы зейнетке шығып, қауіпсіздік комитетінің (КІБ) запасына алынды. Қиян-кескі соғыс жолдарында көрсеткен ерлігі үшін майдангер ІІ дәрежелі «Ұлы Отан соғысы» орденімен марапатталған.

Құдай қосқан қосағы Құлшай Абуовамен бірге өмірге бес ұл-қыз әкелген.

Ұлы Отан соғысында ерлігі мен жанкештілігі көрсеткен майдангер – **Төлеген Ыдырысов**. Ол Қармақшы ауданының №9 ауылында дүниеге келген. 1939-1942 жылдары Қызылорда педагогикалық техникумында оқиды. Соғыс жылдары 2-Украина майданы 53-армиясының 1-гвардиялық әуе-десанттық дивизиясы 2-бөлек гвардиялық әуе-десанттық танкіге қарсы атқыштар дивизионының көздеушісі, бөлімше командирінің орынбасары, осы армияның кіші лейтенанттары даярлау курсының курсанты және 6-әуе-десанттық гвардиялық атқыштар полкі 1-атқыштар батальонының, сондай-ақ Шығыс Сібір әскери округі 1-жол-құрылыс дивизиясының 4-полкі 9-батальонының және КСРО Ішкі істер министрлігінің 1-жол-құрылыс дивизиясы 26-бөлек көпір-құрылыс полкінің комсоргі болады. Соғыста көрсеткен ерлігі үшін майдангер үш мәрте «Отан соғысы» және «Қызыл Жұлдыз» орденін, КСРО Жоғарғы Кеңесінің грамотасын иеленген.

Соғыстан кейін 1947-1951 жылдары Қармақшы ауданында АХАЖ инспекторы болса, 1951-1953 жылдары қауіпсіздік саласында қызмет ете бастайды. Облыстық басқармаға қарасты Қармақшы аудандық бөлімшеде хатшы-есепші болып орналасады. Екі жыл өткенде облыстық басқарма қаржы тобының есепші-қазынашысы, онан соң есепші-мұрағат тобының аға жедел картотекашысы, жедел уәкіл секілді жауапты қызметтерді атқарды. 1973 жылы зейнетке шыққан. Өмір жолында жұбайы Бәтима екеуі 4 ұл, 5 қыз тәрбиелеп өсірген. Бүгінде ұрпақтары өмір жолын жалғастырып, түрлі салада елге қызмет көрсетуде.

**Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ,**  
«Сыр бойы»

# САН САЛАНЫҢ ЖҮТІН КӨТЕРГЕН АРУЛАР



– Сыр елінің брендіне айналған күрші өсіру, өңдеу саласында жұмыс істеп келе жатқанына биыл 40 жыл болды. «Дикан», «Абзал и К» зауыттарында да жұмыс істедім. Қазіргі жұмысым «Абай Дәулет» серіктестігінде. Сырдария ауданындағы «Бесарық» ауылында орналасқан серіктестік мыңдаған гектар жерге күрші егеді. Олар шығаратын «Лидер» және «Янтарь» сорттары ел ішінде үлкен сұранысқа ие болып отыр. Экологиялық таза, сапалы өнім тұтынушының талабына сай келеді.

Компания өндіретін өнімнің сапасы мен қауіпсіздігі ҚР СТ ИСО сапа менеджменті жүйесіне, тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі менеджментіне сәйкестік сертификаттарымен расталады. Заманауи қаптамадағы «SYR DAN» сауда маркасымен дайындалған күрші ішкі нарықта сатылып,

1-бет.

көрші мемлекеттерге де экспортталады. Менің жұмысым – зертханада халық сұранысына сай тағамдардың қауіпсіздігін бақылап, еліміздің және халықаралық стандарттарға сәйкес өнім дайындау. Жалпы осы салаға қызығушылық танытқан жастардың жаңа технологиялар арқылы жұмысты жеңілдетіп, сапаны арттыруына мүмкіндік мол, – деді Сәуле Шакинова.

Қоғамның қай саласында болсын, ерлермен қатар еңбек етіп, көптің құрметіне бөленіп жүрген қыз-келиндердің қатары артып келеді. Осындай жауапты қызметті таңдаған «Қорқыт ата» шекаралық бақылау бөлімшесінің кіші бақылаушысы, кіші сержант Гүлнәз Тәжібаева да мамандығын мақтаныш тұтады.

– Әскери қызмет – мемлекет қауіпсіздігін қорғайтын аса жауапты сала. Сондықтан онда ер азамат немесе әйел адам деген

ұғым жоқ, бәріне бірдей тәртіп. Мемлекет шекарасының тұтастығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолындағы міндетімізге сай аянбай еңбек етіп келеміз. Әсіресе, әйел адам үшін әскери салада қызмет ету төзімділік пен табандылықты қажет етеді.

Қиындығы мен жауапкершілігі мол бұл салада нәзікжанды арулар да мінсіз қызметімен жоғары шен иеленіп, құрметке бөленіп жүр. Отанға, мемлекетке адал қызмет ету – әрбір азаматтың борышы. Сондықтан өскелең жастардың да әскери салаға бет бұрып, оның ішінде шекара қызметіне келуіне мүмкіндік мол. Бұл салада тек білім мен тәртіп талап етіледі, – дейді Гүлнәз Аймағамбетқызы.

Төтенше жағдайлар қызметінің қаншалықты жауапты екені баршамызға белгілі. Өйткені олар қандай қауіпті жағдай болса да тәуекелге барып, зардап шегуші адамдарды құтқарады.

Өз міндетіне сай кез келген сәтте осындай қадамға баруға дайын. Өңірде жаз мезгілінде суға кету және өрт оқиғалары жиі болады. Сондай кезде департамент қызметкерлері, яғни құтқарушылар жедел әрекет етіп, бірінші кезекте адамды өлімнен арашалап қалуға ұмтылады. Кейде оқыс жағдайлар, күтпеген қиындықтар туындайды. Бұл жағдай құтқарушыға да, зардап шеккен отбасына да өте ауыр.

– Осы салада 16 жылдан бері қызмет атқарып келемін. Біздің қызметіміз – мамандардың психологиялық дайындығын қамтамасыз ету, олардың моральдық-психологиялық жағдайын нығайту және төтенше жағдайлар кезінде психологиялық қолдау көрсету. Қызметкерлердің ішкі тұрақтылығын, төзімділігін арттырып, күйзелісті еңсеруіне көмектесу. Күнделікті әңгімелесу, психологиялық тренингтер өткізу, қиын жағдайларда моральдық қолдау көрсету арқылы олардың кәсіби және эмоционалды дайындығын күшейтеміз. Психолог маман ретінде әрбір қызметкердің психикалық денсаулығы мен эмоционалды тұрақтылығы – олардың кәсіби шеберлігі мен қызмет сапасына тікелей әсер ететінін ерекше атап өткім келеді, – дейді Арайлым Тілеукабылова.

Қоғамның әр саласында қызмет етіп жүрген қыз-келиндер отбасында қарапайым ана. Балаларын мейірім мен махаббатқа бөлеп өсіріп, тәрбиелейді. Олар осы міндетін де мінсіз атқарып келеді.

Ғазиза ӘБІЛДІ,  
«Сыр бойы»

## Құрметті облыс тұрғындары!

2025 жылға арналған жеке тұлғалар және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау кестесіне сәйкес Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясының төрағасы Қалдарбеков Мұса Оспанұлы 2025 жылдың 11 наурыз күні сағат 11:00-12:00 аралығында Қызылорда қаласы тұрғындары арасында жеке қабылдау жүргізетіндігін хабарлаймыз.

Қабылдау орны: Қызылорда облысы әкімдігінің ғимараты.

Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, С. Бейбарыс көшесі №1.

Қабылдауға 8-7242-40-01-77 телефоны бойынша жазылуға болады.

## Хабарландыру

2025 жылдың 12 наурыз күні сағат 11:00-де Қызылорда облысы, Кармақшы ауданы, Жосалы қыстағы, Е.Кешербаев көшесі, №34 мекенжайында «Қорқыт елі» Кредиттік серіктестігі» ЖШС қатысушыларының жалпы жиналысы өткізілетінін хабарлайды.

Күн тәртібінде:

1. Серіктестіктің қатысушылар құрамына өзгеріс енгізу, жаңадан қабылдау/шығару, үлестерін азайту/көбейту, сонымен қатар оның ішінде жарғылық капиталға салым салу арқылы, кредиттік серіктестіктің жарғылық капиталын ұлғайту, нәтижесінде серіктестіктің Жарғысына, Құрылтай шартына өзгерістер мен толықтыруларды бекіту туралы.

2. «Қорқыт елі» Кредиттік серіктестігі» ЖШС құрылтайшыларын одан әрі қаржыландыруға «Ағарлық несие корпорациясы» АҚ-нан жылдық 20 пайызға дейін, 20 сәуір 2046 жылға дейін ашылған несие желісін ұлғайтып, несие желісін бекіту туралы және осы несие желісін кепіл мүлікпен қамтамасыз ету мақсатында «Ағарлық несие корпорациясы» АҚ алдындағы міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету мақсатында серіктестіктің депозиттік шотындағы ақша қаражатын жарғылық капиталдың 25%-на дейін ұлғайту, кепілге қоюға, акцепсіз шығыстан шығару құқығына келісім беру.

«Қорқыт елі» Кредиттік серіктестігі» ЖШС  
БСН 050 640 002 650

## Алтынның құны: Швейцария рекордтық табысқа кенелді

Әлемде бағалы металға сұраныс күрт өсті. Әсіресе, алтынның құны шарықтап тұр. Алтын бағасының өсуінен Швейцария орталық банкі 90 млрд доллар көлемінде табысқа кенелген көрінеді.

Мұндай рекордтық көрсеткіш 2017 жылы тіркелген. АҚШ билігі өзге елдерге баж салығын салам дегеннен кейін бағалы металға деген сұраныс артып, бағасы өсіп барады. Жыл басынан бері 12 пайызға қымбаттап, бір унциясы 2 мың 954 долларға жеткен. Бұл бір жарым миллион теңгеге жуықтайды. Әлемнің орталық банкітері алтын қорын арттыруда. Ал өткен жылы бағалы металды ең көп сатып алған мемлекеттер қатарында Польша, Түркия және Үндістан бар.

## Семіздік сергелдеңі

Семіздік талай елдің толғақты мәселесіне айналды. Мәселен, кейінгі 10 жылда Оңтүстік Кореяда семіздікке шалдыққан оқушылар саны 2,5 есеге көбейген. Есөсіне, ересектер арасында 11 пайызға артқан.

Дәрігерлер мұны жастардың фастфудқа құмарлығы, телефонға тәлімсіз көп отыру, яғни аз қозғалыстың салдары дейді. Осыдан біршама жыл бұрын Кореяда семіздік



ресми түрде ауру ретінде мойындалып, тегін ем-дом тағайындалған. Қазір бұл елде асқанды кішірейту операциясы жасалады. Бір қызығы, ондағы 40 жастан асқан тұрғындар арасында семіздікке шалдыққан әйелдердің саны ерлерге қарағанда екі есе аз көрінеді.

Ал Қытайда 600 млн-ға жуық адам артық салмақтың азабын тартып жүр. Оның ішінде 280 миллиондайы кәдімгі семіздікке душар болған. Соның салдарынан жылына жүздеген мың адам көз жұмады. Мәселен, 2019 жылы 760 мың науқас семіздікпен байланысты аурудан қайтыс болған. Көбісі жүрек-қан тамырлары дертіне шалдыққандар. Бұл елде де әйелдерге қарағанда семіз ер азаматтар көп. Бұл дерт әсіресе 35 пен 39 жас аралығындағы азаматтарға тән. Кейінгі жылдары балалар арасында да семіздер көбейген. Мамандар 2035 жылға қарай бұл көрсеткіш 18 пайызға артады деп болжайды. Осы артық салмақтың кесірінен 118 миллион тұрғын қант диабеті дертіне душар болған. Бұған фастфуд, газдалған сусын сияқты зиянды азық-түлікті шамадан тыс тұтыну, стресс пен өмір сүру салтының бұзылуы себеп.

Деректер 24.kz сайтынан алынды

## Жарнама. Жарнама. Жарнама

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарға жарнама орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады.

E-mail: smjarnama@mail.ru



# Қол шипасының ҚҰДІРЕТІ

Остеопатияның негізі қаланғанына 130 жылдан асты. Ал Қазақстанға келгеніне көп уақыт өте қойған жоқ. Оны аутизм, ДЦП, эпилепсия, сколиоз диагнозы қойылған, постравмалық, постинфекциялық жағдайдағы, омыртқа, бас және ішкі органдарға қатысты шағымданған науқастарға қолданады. Адамды дәрі-дәрмексіз емдеудің ерекшелігі туралы балалар остеопаты, травматолог-ортопед, реабилитолог, медицина ғылымдарының магистрі Олжас Ахметовпен сұхбатта кеңірек айтамыз.

– Адамды дәрімен емес, саусақпен емдеу остеопатияның артықшылығы сияқты. Бұл бір жағы халық еміне келінкірейді екен. Екеуінің басын ашып алайықшы. Остеопатия деген не, сіздерге кім қандай ауру түрлерімен жүгіне алады?

– Остеопатия – медицинаның адам ағзасындағы құрылымдық және функционалдық тепе-теңдікті қолмен реттейтін бағыты. Біздің басты мақсатымыз – дененің өзін-өзі қалпына келтіру қабілетін ояту. Бұл әдіс халық еміне ұқсағанымен ғылыми негізге сүйенеді. Остеопатия анатомия, физиология, неврология сияқты классикалық медицинаның терең білімін талап етеді.

Бізге көбіне кеш дамып келе жатқан балалар (ЗПР, ЗРР), аутизм спектрі бұзылысы (АСБ), церебралды сал ауруы (ДЦП), гипоксия салдары, босану жаракаттары, мойынның кисаюуы (кривошея), тіпті іш кату, ұйқы бұзылысы, мазасыздық сияқты мәселелермен келеді. Әр балаға кешенді түрде қарап, оның жүйке, бұлшықет және сүйек жүйесінің үйлесімді жұмыс істеуін реттеуге тырысамыз.

– Остеопатияның қысқа курсы оқып алып та адам емдеп жүргендер бар екен. Өзіңіз қайда білім алдыңыз? Бұл сала несімен қызықтырды?

– Қысқа мерзімді курс бітіріп, остеопатия саласында еңбек етіп жүргендер бар. Остеопат болу үшін медициналық базалық білім маңызды. Өйткені біз жүйке жүйесімен, бұлшықеттермен, сүйек-буын құрылымдарымен жұмыс істейміз. Өзім медицина саласында 15 жылдан бері қызмет етіп келе жатырмын. Остеопатияға келуімнің басты себебі – жеке тәжірибем. Тұңғыш қызым 30 апталық болып дүниеге есігін ашты. Оның денсаулығын жақсарту үшін түрлі медициналық әдістерді зерттей бастадым. Остеопатияның балаларға әсерін көріп, оны тереңірек меңгеруге бел будым.

– Қызыңызға көмектесе алдыңыз ба?

– Иә, Аллаға шүкір! Қызым өмірге келгенде салмағы 1400 грамм ғана болатын. Босандыру палатасынан бірден реанимацияға түсті. Өзім дәрігер болғандықтан егер оған қазір көмектеспесем, соны неге ұласатынын жасық түсіндім. Сондықтан баламның денсаулығын жақсартудың, оны қолдаудың мүмкін жолдарын іздей бастадым. Осылайша остеопатиямен танысып, бұл саланың қаншалықты тиімді екеніне тәжірибемде көз жеткіздім. Қызымның жағдайын жақсартуға септігін тиді. Бұл менің остеопатияға қызығушылығымды арттырып, осы жолды таңдауыма себеп болды. Қазір де дәл осындай қиындықтарға тап болған ата-ана-

лар мен олардың балаларына көмектесуге барымды салып келемін. Үздіксіз оқып, біліктілігімді арттырып жүрмін.

– Жаксы болған екен. Балалармен жұмыс істеудің қиындығы сол, өздері я тілі шықпаған, я жаратып ештеңе айтпайды. Тәжірибеніздегі есте қаларлық бір-екі жайтты айтып берсеңіз. Балалардың ата-аналары аурудың көбіне қандай сатысында жүгінеді?

– Балалармен жұмыс істеу – үлкен жауапкершілік. Олар мен мазалап тұрғанын нақты айта алмайды. Сондықтан біз олардың дене белгілеріне, қимылына, эмоцияларына назар аударамыз.

Бірде анасы үш жасар баласын алып келді. Бала сөйлемейді, көзге тіке қарамайды, жиі ашуланады. Ата-анасы уақыт өте өзі сөйлеп кетеді деген оймен күтіп жүре берген. Баланы тексергенде оның мойын аймағы қысылғанын анықтадық. Соның салдарынан миының кейбір бөліктерінде қан айналымы дұрыс жүрмей тұрған. Бірнеше сеанстан кейін бала назар аударып, есті бастағандай болды. Бір айдың ішінде алғашқы сөздері пайда болды.

Ата-аналар бізге баланы көбіне кеш алып келеді. Өйткені өскесін өз-ақ қояды ғой деп ойлайды. Бірақ баланың дамуында қандай да бір ерекшелік байқалса, уақытты текке жоғалтпай, маманға жүгінген жөн.

– Осы күндері ДЦП, аутизм, ЗПРР сияқты диагноз жиі қойылатын болды. Бағытта атын естігеннен аурулар неге белең алды?

– Бұл диагноздар бұрын да болған. Бірақ қазіргі кезде оларды анықтау әдістері жақсарды. Балалардың даму ерекшеліктері ертерек байқалып, дер кезінде диагноз қойылып жатыр. Бұған қоса қоршаған орта, тамақтану, экология, стресс деңгейі секілді факторлар да әсер етпей қоймайды. Бұрын балалар бос уақытын қозғалыста өткізе, қазір телефон мен планшетке көп уақыт бөледі. Бұл олардың сенсорлық даму қабілетін тежеп, жүйке жүйесіне әсер етеді.

– Кейбір аурулардың көбеюіне телефонның әсері барынын өзініз де айтты отырсыз. Бұл қаншалықты дәлелді? Телефоннан енді ажырай алмайтынымыз анық, өзіміздің, балалардың денсаулығын қалай сақтаймыз?

– Телефон мен планшеттің балаға әсері туралы зерттеулер жетерлік. Ұзақ уақыт экранға қарау көздің қору қабілетінің, ұйқы сапасының бұзылуына, жүйке жүйесінің қозуына әкеп соғады. Әсіресе, оң-солдың танып үлгермеген балалардың миы сыртқы тітіркендіргіндерге өте сезімтал. Сондықтан экранға тәуелсіздік олардың сөйлеу, ойлау, эмоционалдық дамуын баяулатыу

мүмкін. Бірақ бұл – заман талабы. Сондықтан телефонды мүлдем алып қою мүмкін емес. Оның орнына баланың күн тәртібін реттеп, телефон уақытын шектеу керек. Мысалы, 3 жасқа дейін телефонды мүлдем бермесе, 6 жасқа дейін күнне 30 минуттан аспағаны дұрыс.

– Анасының көңіл-күйі баласына беріледі деседі. Кішкентай пациенттеріңіздің арасында ауруы анасына тікелей байланысты жағдайлар кездесе ме? Ана да, бала да сау болуы үшін қандай кеңес бересіз?

– Анасының эмоционалды жағдайы балаға тікелей әсер ететіні шындық. Перинаталды кезеңде ананың күйзелісі баланың жүйке жүйесінің дамуына ықпал етеді.

Менің тәжірибемде мазасыз, жиі жылайтын, ұйқысы бұзылған балалар көп кездеседі. Олардың аналары көбіне жүктілік кезінде стресс, қорқыныш, шаршау сияқты қиындықтарды бастан өткерген. Сондықтан әйелдерге өздерін күтіп, психологиялық денсаулығына мән беруге кеңес беремін. Бала сау болуы үшін, ең алдымен, ана бақытты болуы керек. Дұрыс тамақтану, жеткілікті демалу, эмоционалды қолдау – бәрі маңызды. Егер ана өзін жақсы сезінесе, ол баласына да жағымды әсер етеді.

– Балалардың тілі көбіне кеш шығатын болды. Кейін сөйлеп кетеді ғой деп күту дұрыс па?

– Баланың сөйлеуінің белгілі бір даму кезеңдері бар. Егер 1 жасында баланың алғашқы сөздері болмаса, 2 жасында 20-30 сөз айтпаса, 3 жасында қарапайым сөйлем құрай алмаса – бұл маманға қаралуға себеп.

Ата-аналардың басым бөлігі кейін сөйлеп кетеді деп күтіп, уақытты жат қетіреді. Шындығында, сөйлеу қабілетінің кеш пайда болуы көбінесе неврология, бұлшықет немесе қан айналымындағы бұзылыстармен байланысты болуы мүмкін. Бала дер кезінде сөйлеу үшін оның моторикасын, естуін, эмоционалды байланысын дамыту қажет. Егер ата-ана күмәнданса, остеопатка, логопедке немесе неврологқа дер кезінде апарғаны дұрыс.

Балалар денсаулығы – үлкен жауапкершілік. Ата-аналар ұл-қызының бойынан қандай да бір ерекшелікті байқаса, уақытында маманға жүгінуі керек. Остеопатия – кешенді әдіс, ол баланың табиғи дамуына көмектеседі. Ең бастысы, балаға сеніммен қарап, оны дамытуға қолайлы жағдай жасау қажет.

– Балалар ауырмасын! Уақыт бөлегіңіз үшін рахмет!

Сұхбаттасқан  
Назерке САНИЯЗОВА,  
«Сыр бойы»

www.facebook.com/syrboyi.kz/



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР  
**Марат АРАЛБАЕВ**  
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР  
**Қуат ШАРАБИДИНОВ**  
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)  
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

**Бөлімдер:**  
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)  
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)  
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)  
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)  
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38  
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

https://twitter.com/syrboyi

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті  
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)  
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыр газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.  
«АҚ» - ақылы қызмет.  
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

www.instagram.com/syrboyi\_kz

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу күні №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.